

# АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН  
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 4 (7888)  
Жұма,  
22 қаңтар 2016 жыл

Басылымға жауапты  
«Арай» - «Луч» ЖШС

## ЖАҢАЛЫҚТАР

### ★ РЕСПУБЛИКАДА

Президент Сенат төрағасымен және Пре-  
мьер-Министрмен консультация өткізді



Елбасы Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевпен және Премьер-Министр Кәрім Мәсімовпен консул-  
тация өткізді. Кездесуге сондай-ақ, Президент Әкімшілігінің  
Басшысы Нұрлан Нығматулин қатысты.

Консультация барысында кезектен тыс Парламент сай-  
лауын өткізу туралы Мәжіліс депутаттарының бастамасы  
қаралды.

Қазақстан Президенті бұл бастама қазақстандықтар ара-  
сында кеңінен қолдау тапқанын және мемлекет жүзеге асы-  
рып жатқан терең реформалар мен әлемдік нарықтағы ахуал  
тұрғысынан өзекті болып отырғанын атап өтті.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы бастаманың Мәжіліс  
пен мәслихат сайлауын біріктіруге, қаржылық және  
ұйымдастырушылық шығыстарды оңтайландыруға мүмкіндік  
беретініне назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс сайлау өткізу жөніндегі  
бастама дер кезінде көтерілгенін, өйткені Мәжіліске бүгінде  
ел алдында тұрған міндеттерді нақты жүзеге асыру үшін  
халықтың жаңа мандатын алу қажет екенін айтты.

Еламан Қоңыр.  
akorda.kz.

## Ұлттық чемпиондар

### ЖОЛШЫЛАР МАРАПАТЫ

Жағымды жаңалық: қоғамдық наградалар бойынша  
Халықаралық ұйымдастырушылық комитеті «Кәсіби  
іс-қызметінде қол жеткізген жоғары нәтижелері мен  
мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан  
жеке үлесі үшін – Кедендік Одақ Мүшесі» деген мағнада  
ШҚО автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі  
басқармасының «Облшығысжол» КМК директоры  
Әділбек Әшімұлы Мәткерімовты марапаттады.

Кәсіпорын облыстық маңыздағы жолдардың күтімімен  
шұғылданатындығын айта кеткен жөн. Біздің ауданымыздағы  
осы кәсіпорынға қарасты жолдың ұзындығы 200 километрден  
астам. Олар Үлкен Нарын – Славянка, Средигорное – Ново-  
поляковка - Малонарымка, Октябрьск өткелі – Алтайка – Но-  
вохайрузовка учаскелері. Бұл жолдарға осы кәсіпорынның  
иелігіндегі тәжірибелі маман Жәнібек Елеусіззов басқаратын  
№7 өндірістік жол учаскесі күтім жасайды.

Жолшыларға берілген награданың маңызы зор. Ол тек  
заманауи экономикалық жағдайда ұйымның қол жеткізген  
жоғары жетістіктерін мойындау, өз саласындағы кәсіпорынның  
әлеуметтік маңыздылығы ғана емес, қоғамдық наградалар  
мен атақтар бойынша Халықаралық ұйымдастырушылық  
комитетінің Құрмет тақтасына «Облшығысжол» КМК-ні да  
енгізгенін білдіреді. Сараптама-іріктеу ұйымдастырушылық  
комитетінің қоғамдық наградалар бойынша төрағасы Евгений  
Сергеевтің (Мәскеу қаласы) Әділбек Мәткерімовқа табыс ет-  
кен сертификаты осының куәсі.

Осыдан бір айға таяу уақыт бұрын кәсіпорын басшысына  
«Кедендік Одақ елдерінің Құрметті азаматы» төсбелгісінің та-  
бысталуы тағы да бір маңызды шара болды.

Аталмыш кәсіпорнның үздік бөлімшелерінің бірі болып са-  
налатын біздің ауданымыздағы ӨЖУ-7-нің де бұл жоғары  
наградаға қол жеткізуге зор үлес қосқандығы сөзсіз.

Өз тілшіміз.

## Ресми бөлім

### АУДАН ӘКІМІНІҢ КАТОНҚАРАҒАЙДАҒЫ ІССАПАРЫ

Аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин өзінің  
алғашқы танысу іссапарын Катонқарағай  
ауылдық округіндегі барлық мемлекеттік  
мекемелерді, кейбір өндіріс орындарын  
аралап көруден, еңбек ұжымдарының бас-  
шыларымен, жекелеген қызметкерлермен  
әңгімелесуден бастады. Оның Катонқарағай



ауданаралық ауруханасына, орта мек-  
тептерге, Катонқарағай МҰТП-не, «Жас  
туристер» бекетіне, балалардың музыка  
мектебіне, интернатқа, «Атамекен» шаруа  
қожалығының мал сою цехына тағы басқа да  
орындарға барған сапарларының бәрінде де  
аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Брали-  
нов пен ауыл әкімі Амантай Балтабаев бірге  
жүрді. Ахметқали Ахашұлы ауруханада  
болған кезінде бас дәрігердің орынбасары  
Айжан Смағұловадан емдеу мекемесіндегі  
мән-жайға қаныға тұра, бөлімдерді ара-  
лап көріп, стационарлық емдеуде жатқан  
науқастармен де жүздесіп, хал-жағдайларын  
сұрастырып білді. 14000 шаршы метрлік ау-  
рухана үйін мынандай дағдарыс жағдайында  
тоздырмай ұстап тұрудың қиындығына  
түсіністік білдіріп, одан шығу жолдарын  
бірлесіп іздестірудің қажеттігін де ішке түйді.

Ленин атындағы орта мектебі педагоги-  
калық ұжымының еңбек жағдайымен таны-

су кезінде де Ахметқали Ахашұлы ешқандай  
сын ескертпелер айтпады. Әсіресе, ол  
технология пәнінің мұғалімдері Талғат  
Мыспаев пен Айнаш Бөленхановалардың  
басшылығымен балалардың қолымен  
жасалынған, тігілген бұйымдарға қызы-  
ғушылық танытты. Ағылшын тілі пәнінің  
мұғалімі Самал Бурылбаеваның іс-қызметі  
жайлы, оқу-тәрбие тәсілдері жөнінде  
қысқаша әңгімелесті. Мектептің асхана-  
сы мен кітапханасын, спорт залын, хоккей  
қорабын да барып көрді.

Катонқарағай МҰТП-гі таныстық-кездесу  
де ойдағыдай өтті. Мекеменің бас ди-  
ректоры, оның орынбасарлары мен бес  
филиалдарының директорлары ауд-  
дан әкіміне өз мекемелері жайлы толық  
мағлұматтар берді.

Катонқарағайдағы еңбек ұжымдарына  
өзі барып танысқаннан соң, аудан басшы-  
сы А. Нұрғожин ауыл активімен мәжіліс  
өткізді. Онда А. Балтабаев жиналғандарды  
ауданға жаңадан әкім болып тағайындалған  
Ахметқали Ахашұлы Нұрғожинмен таныс-  
тырып, одан соң округтің әлеуметтік-эко-  
номикалық жағдайы жайында қысқаша  
әңгімеледі. Өз сөзінде А. Нұрғожин ауданның  
келешегі туризмде екендігін атап көрсете  
келе, көрікті жерлерге демалыс орында-  
рын салуға инвестиция тартуды және де  
бұл іске ауданымыздан шыққан қалталы  
азаматтарды мүмкіндігімізше көптеп  
қатыстыруды жөн санайтындығын айтты.  
Ауыл, оның ішінде мал шаруашылығын  
тұра, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіріп,  
ет-сүт өндірісін дамытудың мүмкіндігін,  
оның өңірдегі артық мал өнімдерін сатудағы  
қиындықтарды жеңудегі бірден-бір тиімді  
жол екендігін атап көрсетті.

Жәнібек Қызыр.  
Сурет автордікі.

### ЗАҢДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

15 қаңтар күні аудандық әкімдіктің  
мәжіліс залында «Қазақстан Респуб-  
ликасындағы мемлекеттік қызмет: жаңа  
кәсіби стандарт» тақырыбында дөңгелек  
үстел өткізілді. Аталмыш шараға  
аудандық бөлімдер мен ұйымдардың  
мемлекеттік қызметкерлері қатысты.

Дөңгелек үстел отырысын ашып, сөз алған  
аудан әкімі аппаратының басшысы Ринат  
Құрмамбаев слайдтар арқылы, «Қазақстан  
Республикасы мемлекеттік қызметі тура-  
лы» Заңына енгізілген өзгерістер аясында  
мемлекеттік қызметшілер алдында тұрған  
мақсаттар мен міндеттерді егжей-тегжейлі  
баяндап берді.

-Аталған Заңның қабылдануымен  
мансаптық жолға ауысуды, мемлекеттік  
аппаратқа кадрларды іріктеу мен жылжыту  
үдерістерін өзгертуді, мемлекеттік қызметке  
ең адал, талантты, дайын азаматтарды  
қабылдауды көздейтін еліміздің мемлекеттік  
қызмет саласының жаңа кезеңі бастал-



ды. Сондықтан, лауазымды тұлғалар мен  
мемлекеттік қызметкерлер жұмыстан тыс  
уақытында да этикалық нормаларды ұстану  
қажет.

Жалпы, Қазақстан елін бәсекелестікке  
қабілетті 30 дамыған ел қатарына қосылу  
бағытындағы жаһандық реформалар-  
ды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік  
қызметкерлер алдында үлкен міндеттер тұр,  
- деді Р.Құрмамбаев.

Өз тілшіміз.



Президент Жолдауына орай

## Берел – көне тарихымыз

«...Қазақтың тарихи-мәдени ескерткіштерінің көпшілігі кең сахарамызда шашыла орналасқаны белгілі. Олардың біршамасы бұған дейін тиіп-қашып жөнделсе де, қалпына келтіру, жаңарту жұмыстары жүйелі түрде қолға алынбаған еді. Оның өзіндік себептері де бар болатын. Осы жағдайды жан-жақты ескеріп, бағдарлама аясында жер-жерде ша-

шыла орналасқан еліміздің аса маңызды деген тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштеріне зерттеулер жүргізіп, оларды ғылыми негізде қайта жаңғырту жұмыстарын қолға алу туралы тапсырма берілді...»

Н. Ә. Назарбаев.

Осыдан он алты жыл бұрын Қазақстанға танымал археолог Зейнолла Самашев бастаған құрамында Ресей, Франция сияқты іргелі елдердің ғалымдары бар Халықаралық экспедиция алғаш рет Берел қорымынан әлемдік маңызға ие жаңалықтарды ашқан болатын. Мұндағы сақ және түркі дәуіріне жататын жүзге тарта қорымдардың №11 қорғанынан табылған жәдігерлер - сақ патшасының және он үш аттың сол қалпында сақталған мүрделері мен алтын фольгамен қапталған көптеген әшекей заттар осы күнге дейін басқалар тұрмақ, өзімізге беймәлім болып келген тарихымыздан сыр шертіп, жұдырықтай жүрегімізге қуаныш пен бірге мақтанышты да ұялатқан-ды. Реставрациядан өткізілгеннен кейін, бұл жәдігерлердің барлығы Астанадағы Ұлттық мұражайға қойылды. Үкіметіміздің 2008 жылғы арнайы Қаулысымен Катонқарағайда «Берел мәдени-тарихи қорық мұражайы» ашылды. Қалыптасу кезеңінен өткен осы мемлекеттік мекеменің көшегісі мен бүгінгісіне үңіле отыра, газет тілшісі жақында мұражай директоры Жангелді Ахмадиевке жолығып, сұхбаттасқан еді. Сондағы әңгімеге арқау болған жайттарды оқырмандарға ұсынып отырмыз.



**-Жангелді Жәнібекұлы, Жаңа жылдың басында кездесіп отыр екенбіз, ендеше, мешін жылымен құттықтаймын! Жаңа жыл Сізге, өзіңіз басқарып отырған ұжымға тек жақсылықтар әкелсін! Біздің ауданға, мұражайдың директорлығы қызметіне жаңадан келген азаматсыз. Сондықтан, ең алдымен халыққа өзіңізді бір-екі ауыз сөзбен, қысқаша таныстыра кетсеңіз.**

-Мен Катонқарағайға бөтен емеспін, осы елдің тумасымын. Берел ауылында туып, 1975 жылы Е.П. Рыков атындағы орта мектепті бітірдім. Алматының ауылшаруашылығы институтын тәмамдағаннан кейін «Катонқарағай» кеңшарында бас агроном болдым, «Берел жазығында» (қазіргі патшалар жазығы) екі жыл тың көтеру жұмыстарына басшылық жасадым. Қалған жылдарым Алматыда, әртүрлі басшылық қызметтермен өтті. Өткен жылдың қыркүйек айында Мәдениет министрлігінің бұйрығымен осы қызметке тағайындалып, зейнетке шыққан Ерен Жұмағұловты ауыстырдым.

**-Орталықтан алыс, әрі ешқандай да негіз жоқ жерден салмағы да, міндеті де үлкен мекеме ашып, оның бағытын анықтап, жұмысын бір арнаға салу - оңай шаруа емес екендігі белгілі. Әйткенмен, өзіміз қалыптасу кезеңіне жатқызып отырған өткен сегіз жылда қандай істер тындырылды? Оларға көңіліңіз толама, жоқ па? Сол жөнінде айтсаңыз.**

-Қалыптасу кезеңі болып отырған сегіз жыл аз да, көп те уақыт емес. Ұйымдық жұмыстарда Ерен Қадәшұлы өзінің қолынан келетін жұмыстарды атқарған. Дегенмен, сегіз жылда басқа да бірталай шаруаларды жасауға болатын еді. Түптеп келгенде, қазір бізде ауыз толтырып айтарлықтай ештеңе жоқ. Осы уақытқа дейін небәрі үш әкімшілік ғимарат ағаштан салынған екен. Олардың да құрылыс жұмыстары толық аяқталмаған, инфрақұрылым мүлдем жоқ деуге болады. Заңдылыққа сүйенсек, мұражайда қызмет істейтін 17 қызметкер мен жұмысшылардың барлығының жұмыс орындары мұражайдың басында болуы тиіс. Ал біз, өзіңіз көріп отырғандай, әлі күнге дейін Катонқарағай ауылдық әкімшілік үйінен бірнеше бөлмені жалға алып отырмыз. Мұражайдың еншісіне берілген 172 гектар жердің қоршаулары да атүсті, сапасыз жүргізілген.

**-«Барымен базар» демей ме? Осы уақытқа дейін мұражайдың**

**құрылғанына риза болайық. Бұл да болса ел тәуелсіздігінің арқасы. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болса, ақиық ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров**



**айтпақшы, «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» деп, көрсететін күн де қашпас.**

-Иә, «Берел тарихи-мәдени қорық-мұражайын» өз даңқына сай дәрежеге жеткізу мақсатында 2016-2018 жылдарға арналып Министрлік қабылдаған үшжылдық кешенді бағдарлама бар. Онда №11 қорғанды бұрынғы қалпын сақтай отырып, өте әдемі ашық мұражай ету көзделген. Сәулетшілер ұсынып отырған жоба бойынша, мұражайдың төбесі дөңес етіліп, жақпар тастармен қаланып жабылмақ. Ішіне осы жерден табылған сақ патшасының, он үш аттың тағы басқа да жәдігерлердің көшірмелері қойылмақ. Бұл жұмыстарға 85 миллион теңге бөлініп отыр.

Облыс әкімі Даниал Ахметовтың біздің мұражайға ерекше көңіл бөліп, қолдау көрсетіп отырғаны мені қуантады. Өткен жылдың желтоқсан айында ол кісі археолог З. Самашев, реставраторшы Қырым Алтынбеков сияқты өз істерінің білгір мамандарын қатыстыра отырып, Берел қорғаны жөнінде арнайы отырыс өткізді. Онда да мұражайды ашу, он бірінші қорғаннан табылған жәдігерлердің бастапқы нұсқасын немесе көшірмелерін қайтару, қаржылай қолдау көрсету туралы мәселелер қозғалды, нақты тапсырмалар берілді. Сондай-ақ, осы отырыста Даниал Кенжетайұлы Берел қорғанында жыл сайын археологтардың Халықаралық форумын өткізіп тұруды да ұсынды.

Осы қызметке келгеннен кейін тәжірибе жинақтау үшін республикадағы бірқатар мұражайларға, олардың ішінде Семей өңіріндегі Абай мен

Мұхтар сияқты алыптарымыздың мекендеріне барып, ондағы жұмыстармен де танысып қайттым. Олардан үйренеріміз де, үлгі аларымыз да көп екен. Қазіргі кезде елден

олардың барлығы зерттеледі деп айта алмаймын. Ол үшін қыруар қаржы мен күш керек. Сондықтан, археолог ғалымдардың таңдауы бойынша ғана зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зейнолла Самашев ағамыздың ұйғарымымен биылғы жазда №2 қорғанда қазба жұмыстары ары қарай жалғастырылады. Оған 35 миллион теңге босатылып отыр.

**- Маман-кадрларлар жағы қалай?**

-Шынын айтқанда, маман кадрлардан тапшымыз. Мұражай мамандықтары бойынша бізде бір де адам жоқ. Ұжымда қызмет ететіндердің дені тарихшылар, басқа да гуманитарлық пәндердің мұғалімдері. Араларында техникалық білімі бар азаматтар мен азаматшалар да бар. Мен осы қызметке келген күннен бастап, оларға мұражай жұмысы жөніндегі мамандықтарды меңгеруді талап етіп отырмын. Қызметкерлеріміздің басым бөлігі жастар. Оларға арнаулы оқу орындарына түсу - еш қиындық етпейді. Әзірге қызметкерлерімізді республика ішіндегі және жақын шет елдердегі мұражайларға оқып-үйренуге жіберіп келеміз. Мәселен өткен жылы Ринат Қоңырбаев оншақты күнге Санкт-Петербургке барып келді. Жақында тағы бір қызметкерімізді «Даму қорының» қаржысымен Татарстанға жібермекпіз. Мәдениет министрлігінде болғанымда, ондағы басшыларға жергілікті жердегі мектеп түлектерінен мұражай мамандарын даярлау үшін жоғарғы оқу орнынан грант бөлдіру жөнінде ауызша да, жазбаша да өтініш білдірдім. Бұл өтінішім қолдау тапса онда кадр мәселесі біраз жылдардың ішінде шешіледі деп ойлаймын. Қазіргі кезде осы өңірдегі орта мектептермен байланыс орнатып, мектеп бітіруші түлектермен мамандық таңдау жөнінде жұмыстар жүргізуге ден қойдық.

«Берел қорымы» түптеп келгенде қазақтың баға жетпес көне тарихы. Өкінішке орай, әлемдік ғылымға үлкен жаңалық енгізген оны тереңірек зерттеу жұмыстарына профессор Зейнолла Самашевтан өзге ғалымдарымыз ықылас танытпай отыр. Екі жарым мың жылдық тарихы бар сақ қорғандары, онда жерленген патшалар мен батырлар, өзге де мемлекет, қоғам қайраткерлері жөніндегі деректер көрші елдерің мұрағаттарынан табылмасына кім кепіл?

**Сұхбатты жүргізген Жәнібек Қызыр.**

**-Берел қорғандарында жүзге тарта қорым бар деп отырмыз. Олардың барлығы зерттеліп бітті ме? Бітпесе, алдағы уақытта зерттеу жұмыстары жалғастырыла ма?**

-Қазылып, зерттелмеген әлі де 45 қорған бар. Ертеде тонауға түскен



■ Есептік жиын

## ӘКІМ ЖҰМЫСЫНА ОҢ БАҒА БЕРДІ

Елдегі бұрыннан қалыптасқан дәстүр бойынша, өткен аптада ауыл әкімдерінің тұрғындар алдында есеп беру жиындары басталып кетті. Белқарағай ауылдық округіне қарасты Топқайың ауылы тұрғындарымен болған осындай жиынға аудан әкімі Ахметқали Нұрғожин мен аудандық мәслихат хатшысы Дүйсен Бралинов қатысты.

Ауылдық округ әкімі Дәурен Қалибеков ауылдастары алдында жасаған есептік баяндамасын мүдiрместен, бiр демде оқып шықты. Ара-арасында кейбiр жағдайларға түсiнiк бере сөйлеген оның сөзiн жергiлiктi мектептiң акт залына лықа толған тұрғындар мұқият тыңдады. Өйткенi, баяндамашы айтқан деректер көпшiлiкке белгiлi, өткен бiр жыл мерзiм iшiнде атқарылған iстер осы отырғандардың немесе олардың отбасы мүшелерiнiң атсалысуымен жүзеге асырылды.

Өткен жылы жалпы Белқарағай ауылдық округі үшін жаман болған жоқ. Төрт түлік малдың қой мен ешкіден басқасы жақсы өсіммен көбейді. Атап айтқанда, жылқы 1418 басқа өсіп, 4176 басты, мүйізді ірі қара 263 басқа көбейіп, 3495 басты құрады. Сонымен қатар, марал мен омарта шаруашылықтары да ауыз толтырарлықтай өсім берді. Округтегі мал басының өсімі одан алынатын ет және сүт өнімдерінің артуына да кеңінен жол ашты. Белқарағайда негізгі капиталға инвестиция тартып, мал тұқымын асылдандыру жұмысында да

ілгерілеушілік бар. Мәселен, өткен жылы «Құлан» бағдарламасы бойынша жеке кәсіпкерлер Б. Уәлиев, А. Мұқышев, М. Әбілғаязов 22 миллион теңге несие алып, 70 бас жылқы, оның ішінде 13 бас асыл тұқымды айғыр сатып әкелді. «Топқайың», «Сайранбек», «К-Арман», «Фархат», «Жәкежан», «Ажар», «Данияр» шаруа қожалықтары 11 бас асыл тұқымды бұқалар сатып алды.

Округтің шаруа қожалықтары мемлекеттік және аймақтық бағдарламаларды орындауда мемлекет тарапынан көрсетілетін қаржылай көмекті де жақсы сезініп отыр. Атап айтқанда, Топқайың, Өрнек, Белқарағай ауылдарының 22 шаруа қожалығы қымыз өндіруге 20 миллион, 7 кәсіпкер мал тұқымын асылдандыруға 3,7 мың теңге субсидия алды.

Баяндамашының сөзімен айтқанда, округте шағын және орта бизнесті, туризмді дамытуға да кеңінен жол ашылған. Бүгінде округ аумағында 178 шаруа қожалықтары, 6 сауда орындары, 1 шағын және орта бизнес субъектілері тұрақты жұмыс істейді. Өткен жаз айларында Топқайың ауылының маңында орналасқан «Екі Дос» ЖШС демалыс кешені 2300 демалушыға қызмет көрсетіп, 14 миллион 500 мың теңгенің табысын тапты. Бүгінде Белқарағай ауылының жанында ағайынды Уәлхановтар өз қаржылары есебінен 10 үйден тұратын туристік-сауықтандыру кешенінің құрылыс жұмыстарын жүргізуде. «Баян» шаруа қожалығында да келетін ту-



ристер санын арттыру үшін жаңа асхана, қосымша демалыс үйлері салынып жатыр.

Өзінің есептік баяндамасында Д. Қалибеков халықты жұмыспен қамту және тұрғындарға мәдени, медициналық қызмет көрсету жайын да әңгімеледі. Сонымен бірге, ол округтегі қоғамдық тәртіптің сақталуы жағдайын да назардан тыс қалдырмады.

Жиынның жұмысына зейнеткерлер Тоқтасын Уәлиев, Мұқтасын Тақыров, ауыл тұрғыны, Ауған соғысының ардагері Алтынбек Тиманов, Әли Қарсақов белсене қатысты. Олар елдімекеннің ауызсумен қамтамасыз етілу жағдайын, ауыл маңындағы жайылымдықтардың тарылып кеткендігі жайлы мәселе көтерді.

Баяндаманы талқылауға қатысқан Топқайың орта мектебінің директоры Бердібек Захайыров, аудандық

мәслихат депутаты Е. Кешілбаев есептік мерзім ішінде аудан, оның ішінде округ аумағында атқарылған жұмыстарды саралай келе, округ әкімдігінің іс-қызметіне өздерінің оң бағаларын берді, Дәурен Тоқтасынұлына бұдан былайғы уақытта да командасымен бірлесіп, осы беттерінен таймай, халыққа қызмет ете берулеріне тілектестік білдірді.

Жиын соңында аудан әкімі А. Нұрғожин Топқайыңға танысу мақсатында келгендігі жайында айта келе, отырғандарды ортақ мақсат жолында жұдырықтай жұмылып еңбек етуге шақырды және жиында көтерілген ауызсу мәселесін шешу жолдарын тиісті қызметтермен кеңесіп, іздестіріп берді.

Жәнібек Қызыр.  
Сурет автордікі.

## ІСКЕРЛІК ЖАҒДАЙДА

2015 жылда атқарылған жұмыстар туралы және 2016 жылға арналған жоспарлары жайлы Новохайрузовка ауылдық округінің әкімі Лазат Мамырханованың есебін алдымен Приморск ауылының тұрғындары тыңдады. Есептік кездесуге аудандық мәслихат депутаты Бауыржан Садуев пен Жастар орталығының директоры Ернұр Мағауянов қатысты.

Округтің әлеуметтік-экономикалық жағдайын баяндай келе, приморскіліктердің жағдайларына тоқталды. 69 ауласы бар шағын ауылда 167 адам өмір сүреді. Тұрғындар негізінен «Агродос» ЖШС-де және балық аулаумен шұғылданатын шаруашылықта еңбек етеді, өзін-

мұнда демалушылар көп.

Ауылдағы негізгі мектепте 14 оқушы білім алуда, бірінші және жетінші сыныптар жоқ. Дярылық тобына үш оқушы, шағын орталыққа бес бүлдіршін барады. Сабақтарды сегіз мұғалім жүргізеді, сондай-ақ, басқа мектептерден келіп оқытатын мұғалімдер бар.

Өткен жылы мектептің жөндеу жұмыстарына аудандық бюджеттен 1,5 млн. теңге бөлу қарастырылған. Бірақ, бұл қаржы бөлінбеді, ата-аналардың көмегімен ғимаратқа ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді, сынып бөлмелерінде кейбір плафондар алмастырылды.

Мектепке су құбыры тартылды. Ғимараттың пайдаланылатын жағына дабыл беру жүйесі орна-

қалыпты жағдайлар жасалған.

Ауылдық округ әкімінің баяндамасын талқылауға қатысқан Т. Самойлова электр қуатын беру жүйесінде электр қуатының нашарлығын, жетпейтіндігін атап өтті, А. Гриднев – иесіз қалған электр желісі мен КТП, С. Доценко – ауылдың санитарлық жағдайы туралы, А. Қарабаева – «Өрлеу» бағдарламасы бойынша берілетін көмек туралы айтты.

Сондай-ақ, жиынға қатысушылар үйлері жағалауға жақын болғандықтан, жаз айларында жекелеген демалушылардың кесірінен өз аумақтарын тазалықта ұстай алмайтындықтарына наразылық білдірді.

Дегенмен, әлдеқандай кемшіліктер болса да, тұрғындар үшін ауызсу мәселесінің шешілгендігіне ризашылықтарын жеткізді. Үйлерде автоматты кір жуу машиналары пайда болды.

Қыс айларында жолдардың күтімі жайлы қойылған сауалға, «Өрлеу» бағдарламасы бойынша көтерілген мәселеге Л. Мамырханова толыққанды жауап берді.

Жиында сөз сөйлеген аудандық мәслихат депутаты Б. Садуев иесіз қалған электр желісін өз бақылауына алатындығын атап өтті. Сондай-ақ, ол жыл көлемінде өз атына 12 өтініш түскенін, олардың барлығы оңды шешілгендігін, өртүрлі санаттағы ауыл тұрғындарына 100 мың теңге көлемінде материалдық көмек көрсетілгендігін жеткізді.

Полицияның учаскелік инспекторы Б. Қажеев үй маңындағы аумақтарда дер кезінде тазалық жұмыстарын жүргізбегендерге са-

лынатын айыппұл мөлшеріне жиналғандардың назарын аударды.

Сондай-ақ, ол жаз айларында Васильевск өткелінен ауданға баратын бағытта көліктер санының артатындығын, көпшілік жүргізушілердің жол қозғалысы ережесін сақтамайтындығын атап өтті. Осыған байланысты, МАИ қызметкерлері Приморск ауылының маңындағы трассада көлік жылдамдығын шектеу бойынша рейдтік шаралар ұйымдастырылатындығын ескертті.

Есептік жиын қалыпты, іскерлік жағдайда өтті. Аса күрделі сауалдар болған жоқ, өйткені, жыл бойында тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер дер кезінде шешіліп отырды. Ауылдық округ әкімдігі тұрғындар арасында «Құлан», «Жайлау», «Сыбаға» және басқа да мемлекеттік бағдарламалар жайлы түсініктеме жұмыстарын жүргізіп отырды. Бірақ, Приморск ауылы орталық елдімекенге, Алыбай, Құндызды ауылдарына қарағанда табиғат жағдайына байланысты мал шаруашылығымен шұғылдануға айтарлықтай бейім емес, оның үстіне приморскіліктердің көпшілігі тұрақты еңбекақы алады, зейнеткерлер тұрғын-үй жәрдемақысын ресімдейді, атаулы әлеуметтік көмек алушылар да бар. Осының нәтижесінде аталмыш бағдарламаға қатысуға ниет білдірушілер болмады.

Татьяна Самойлова.  
Сурет автордікі.



өзі жұмыспен қамтығандар да бар. Тұрғындарға екі дүкен, фельдшерлік пункт қызмет етеді. Жаз айларында

тылды. Сыныптарда парталар мен перделер жаңаланды. Спутниктік ОТАУ-ТВ орнатылған, білім алу үшін





**Шығыс Қазақстан облысы аумағында аң аулау мерзімінің басталуына «Катонқарағай МҰТП» РММ-нің әкімшілігі әуесқой аңшылардың назарына ҚР қылмыстық кодексінің 337-бабын ұсынады**

#### 337-бап. Заңсыз аңшылық

1. Жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды қолданып, сол сияқты авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бір жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не үш жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не тоқсан тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, айтарлықтай залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген:

- 1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда немесе төтенше экологиялық ахуал аумақтарында;

- 2) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты;

- 3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып;

- 4) ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.


5. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген:

- 1) қылмыстық топ жасаған;

- 2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер – белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

**Т. Таиrow ,  
Катонқарағай МҰТП-нің заңгері.**

## Тылсым толы құдырет



*Тамылжыған табиғатқа қарашы,  
Неткен әсем, ғажайып кең даласы.  
Сыр шертеді ерекше бір күйге еніп,  
Тауы, көлі, бұлағы мен ағашы.*

*Жатқандайын жерді сумен суарып,  
Ақты бұлақ, бұрымдайын бұралып.  
Көрген кезде табиғатын Берелдің,  
Жүрегімде өлең жатты құралып.*

*Құлағыма жапырақтар үні кеп,  
Мең далада самал жел гүлденіп.  
Неткен ғажап, көркем өдің, шіркін –ай,  
О, табиғат, тылсым толы құдірет!*


**Ж. Нағашпаев,  
МҰТП Берел орманшылығы.**

## ҚАР БАРЫСЫН ҚОРҒАЙМЫЗ!

«Неосфера» жастар қоғамдық бірлестігі Катонқарағай Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркімен бірлесе отырып Оңтүстік Алтайда мекендейтін қар барысын анықтау жұмыстарын жалғастыруда. Жұмыс барысында бізге Conservation of snow leopard in Altai-Sajan ecoregion (Алтай Саян экорегионында қар барысын қорғау мақсатында Дүниежүзілік табиғатты қорғау ұйымынан WWF Ресей) жоба бойынша грант бөлінді дала жұмыстарына қажетті заттар алу үшін.

Қар барысын анықтап зерттеу және қорғау жұмыстарын жүргізу мақсатында жұмыс тобы құрылып; оның құрамына жануарларды қорғау және өндіру бөлімі бастығы Е.Т.Қасымов, саяткер-биолог А.Мубараков, мемлекеттік инспекторлар М.Омаров, Н.Бөдисолтанов және аға ғылыми қызметкер А.Н.Челышев кірді. Жоба аясында Оңтүстік Алтайда қар барысын анықтау мақсатында алғашқы рет қиын және алыс жерлерге бірнеше фототүзақтар құрылды. Бұл дала жұмыстарына саяткер-биолог М.Панинов және мемлекеттік инспектор Т.Әділов қатысты. Фототүзаққа таутекелердің көптеген бейнелерімен қатар сұр қоян анық түскен. Бұл жұмыстар жаңадан басталғандықтан алдағы уақытта қар барысының фототүзаққа түсетініне сенеміз. Жоба аясында «Неосфера» жастар қоғамдық бірлестігі жұмыс тобына арнайы қысқы, жазғы киімдер және фототүзаққа арнайы батареялар сатып алды. Катонқарағай МҰТП-нің орталық кеңсесінде «Неосфера» жастар қоғамдық бірлестігінің басшысы А.Ғабдуллина жұмыс тобына дала жұмыстарына алынған заттарды арнайы табыстады. Алдағы уақытта жоба аясында Алтай,Тарбағатай жоталарына фототүзақ құру үшін жұмыстар атқарылатын болады. Катонқарағай МҰТП –і және «Неосфера» жастар қоғамдық бірлестігі Дүниежүзілік табиғатты қорғау ұйымына WWF Ресей көрсеткен көмектері үшін алғыс айтады. Қазақстан Республикасындағы биоәртүрлілікті сақтау жұмыстары алдағы уақытта жалғасын табады деп сенеміз.

**Е. Қасымов,  
жануарларды қорғау және  
өндіру бөлімі бастығы.**



## ТАБИҒАТ ТАЗАЛЫҒЫ

Аттылы адам айлап жүретін алып елдің қиыр шығысындағы құт мекеннің тұмса табиғатын қазіргі заман алпауыттарының ажалды тырнағынан аман алып қалып, болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылдың 17 шілдесіндегі № 970 қаулысымен Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды.

Айтса айтқандай, алты ай жаз ақ қалпағынан айырылмай, сүйірлі ұшын көкке тіреп, бұлтқа сүйдірген асқар-асқар тау жоталары, Алтайдың қолат-қолат қойнауын қуалап, тасты бұзып, қиядан құлай аққан асау да арынды өзендері, тау басындағы ойпаң жерлерден ойып тұрып орын алған, тастай суық бастаулардан нәр алып, жағасындағы жартасты жалап жатқан айдын көлдері, теріскей беттің қара жеріне күн сәулесін түсіртпей, сан алуан ағаштар араласа, қабаттаса өскен қалың орманы, татқанда таңдайында қалар жабайы жемістің сан алуан түрі, табиғаттың төл перзенті атанған алуан-алуан аң мен құсы келген жанның, көрген жанның көңіліне жағып, таңдайын қақтыртпай қоймасы айдан-анық.

Өзгенің жерұйығын не қылайын, Жерұйығым өзімнің қасымда екен! – деп, ақиық ақын Мұқағали жырлағандай, кіндік қанымыз тамып, топырағынан жаратылған туған жеріміз - өз жерұйығымыз күнделікті көз алдымызда.

Ал, осы асылымызды ардақтай алып жүрміз бе? Алысқа бармай–ақ қояйық, атқа мініп алыс жолға аттанарда қамшымызды

үйге қалдырсақ, жол-жөнекей тал не қайыңның жас шыбығын үзіп алып, атты сабалап кете барамыз. Ауылдан алып шыққан азық-түліктің бос қалған құтысын көрінген жерге лақтыра саламыз. Жол-жөнекей бос бөтелке, сіріңке, темекі қораптары, балықтан босаған қалбырлар, жеміс шырындарының босаған ыдыстары дейсің бе, тоқтаған жерге тастамайтын нәрсең қалмайды. Бұған көз үйреніп кеткендігі сондай, елең етер жан жоқ. Отынға барсақ, жүрген жерімізді жайпап өтеміз, жеміске барсақ, бұта-қарағанның басын отап өтеміз. Айтса-айтқандай, адам жүріп өткен жердің иісінен жабайы аң бір шақырымнан қашады.

Ұлттық парк қызметкерлері өз қызметі мен міндеттеріне сәйкес, адам қарасы көбірек көрінетін жерлерге дем алатын орындар жасап, әжетханалар орналастырып, қоқыс төгетін жерлер белгілеп, сәл де болса тазалыққа дөнекер болуда. Алайда, адамдардың сана-сезімдері, туған жерге деген сүйіспеншіліктері оянбайынша, табиғатқа шын ниетпен жанашырлықпен қарамайынша, тазалық пен тәртіпке мойын ұсынбайынша, азғантай ғана табиғат жанашырларының еңбегі алға басуы қиын. Басқа жұртты қайтеміз, өз табиғатымызға өзіміз жанашырлықпен қарайық, ағайын!

**Бекжан Болаев,  
Аршаты орманшылығының  
орман шебері.**



## ШЫҢҒЫСТАЙ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 110 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ



## Қайдасың, Күркіреме көктемі...

Жастық шақ – өмір өлеңі. Әрбір адам сол кезеңді асқан сағынышпен еске алады. Сол сағыныш – елге жол түсіп, сонау алыстағы Шыңғыстай ауылынан өте берсем – Күркіреме бойын көзбен сүзіп, қара шаңырақ мектеп үйін іздейтінім.

1965 жылдың күзі. Шыңғыстай мектебіне оқу жылы басталып кеткеніне бірер күндер өте жеттік-ау әйтеуір. Оған дейін «Шәңгістай мектебінде тәртіп пен білім алу қиыншылығы, мұғалімдердің асқан қаталдығы» туралы құлақдар болғандықтан, мұнда жүрексіне келгеніміз де жоқ емес еді.

«Біз» дейтінім Шыңғыстайға менің ең жақын деген құрбым Бақи Жан-декина екеуіміз Өрел мектебін тастап, «Мақтаулы, атаулы Шәңгістай, қайдасың?» - деп келген едік. Себебі - Шыңғыстай мектебінде оқу – биік абырой мен атақ болды. Қазірше айтсақ, «престижно». Біздің бұрынғы кластастар мен ауылдастарымыз, ұлдар - Боранбаев Сағытай, Дуанбеков Жақсыкелді, Қырықбаев Зарқаш, Құсманов Әлібектер осы Шыңғыстайға бізден бір жыл бұрын келіп сіңісіп, сол мектепке, интернатқа «авторитет» болып кеткенін білгенбіз. Сонда, біз, қыздар, олардан қалысып қалғанымыз ба? - деген жаңсақ ой да болғанын жасыруға болмас. Біз де «престижді» оқу орнынан білім алғымыз келді.

Сонымен, Шыңғыстай мектебіне, 10 «б» сыныбына Бақи екеуіміз топ ете түстік. Сынып жетекшісі Ілияс Қасабеков, тарих пәні мұғалімі, бірінші болып бізді қабылдады: «Мынау мектепте Берелдің тобы көбейіп барады ма, қалай? Олар бірақ жақсы оқитындар шетінен. Сендер де сондай болсаңдар, көреміз...», - деп қалды. Интернаттан орын алдық, 10 қыз бір бөлмедеміз. Бірақ сондағы жинақылық, тәртіп пен өзара татулық, ың-шыңсыз тұрмысымыз әлі де таңқалдырады.

«Таңқалдырады» демекші, таңқалдыратын дүние бұл мектепте көп еді... Мәселен, мектепте ол кезде «Қыздар жиналысы» деген ұйым болатын. Оны Нина Александровна Самойлова деген ұстазымыз басқарушы еді. Көп жылдар өтті, бірақ ол кісінің: «Бізде, қазақта, ондай болмайды. Қазақтың қызы – ұлттың ұяты, берекесі... Сендер қазақ қыздарысыңдар. Соны ұмытпаңдар...», - дейтіні әлі де естен кетпейді. Ол кісінің жұмсақ күлімсіреуі, ешбір жағдайда дауысын көтермейтіні, ауыр сөз айтпайтыны бізге ерекше әсер беруші еді...

Біз үшін, ол кезде, алла сақтасын, біреу «қыздар жиналысына түсіпті» деген сөзден ауыр сөгіс болмайтын. Біздің мектепте бұл жоғарғы соттың үкімінен де ауыр болып

есептелетін.

Ұстазымыз Нина Александровна Самойлова ұлты орыс екенін өзі де, біз де естен шығарушы едік... Сонда тұңғыш рет «қазақ» деген елдің кім екенін сезінгендей болып, жадыма түйдім. Қоғамтану пәнін ұстазымыз Зәбилә Алпысқызы бізге қазіргі өзін-өзі тану пәні іспетті ұсынған екен. Ол да теңдесі жоқ, ерекше біліктілік болғанын жылдар өте, енді ғана түсіндім.

Сынып бастамашылары-ау, лидерлер болса керек – деген пайымдаумен көз тіге сыныптастарымды зерделей бастадым... Соңғы партада әдеміше келген, бұйрабас жігітпен қарақат көз, күлекеш, тығыршықтай бір қыз отыр. Екеуара қалжың, жарасымды әзілдері бір басылмайтын сияқты. Мұғалімдер де өздерін ерекшелейтін көрінді. Олар Баянғазин Ербол мен Базарбаева Гүлсара, немесе – «Базарчук» деген өзара еркелету есімді қыз екен. Тынымсыздар. Сыныптың үздіктері. Біраздан соң екеулерімен де жақын достасып кеттік. Базарчуктің алдында «екінші Гүлсара», Баекина Гүлсара отыр. Бойшаң, жымыяп қана отыра беретін үнін көп шығара бермейтін, жайдары қыз.

Соңғы партада қағазға үңіле түсіп, бір нәрселерді кітапшасына қайта-қайта жаза беретін, көпшілікке көп араласа қоймайтын біреу отыр. Киім киісі мұнтаздай, сөз саптауы жас жігіт емес, ересекке тән. Сымбатты. Ол - Наурызбек Байжұмин. Ақын, әдебиетші. Бір үйдің жалғыз. Маған ол ойшыл, сыры ашылмаған ерекше тұлға болып көрінді. Шығармаларын әдебиет пәні мұғаліміміз Жомарт Нұрғазин біздерге кейде үлгі қып оқып беретін. Ондайда Наурызбек қысылып, партадан басын алмай, тұқшиған қалпында отырып алушы еді. Болашақ ақын ба, атақты жазушы ма болары сол кезден-ақ анық болып тұрушы еді... Бірақ, кім білсін, неге екені, маған ол әрқашан өзіндік бір мұң мен ойға шомған, сыры ашылмайтын ерекше тұлға болып көрінді.

Бақи екеуіміздің тұсымызда сұңғақтау келген шегіркөз, ұлдардың сол кездегі ең «крутой» мода приче-скалы, әрқашан өзімен-өзі ыңылдап, кейбір үзілістерде ешкімде шаруасы жоқ, мектепті басына көтере ән шырқай беретін біреу отыр. «Мынау әртіс пе, мектепте неғып жүр өзі?» - дегенім есімде. Сөйтсем, ол Әлібек Тысымбаев екен. Ауылдікі, «местный», бірақ, көп «басшылыққа» ұмтылысы байқалмайды... Есілдерті ән мен музыка. Қазіргі кез болса, әрине, ондайлар ерекше дарынды балалар тобында болары сөзсіз. Бірақ, заман басқа еді... Тысымбаевтан және бәрімізден де, міндетті түрде, данышпан матема-

тик, не тапқыр физик шығармақшы болды.

Ол кезде барлық ауыл мектептерінде қазақ қыздары үшін трактордың құлағында ойнамасандар – адам болмайсыңдар дегендей ұғым болды. «Трактор», «Мал шаруашылығы» деген пәндер де болды, Мектептің жетеуі жеткен қираған бір «Беларус» деген тракторы болды, қанша қиналсам да оның қыры мен сырына жетпей-ақ кеттім. Қыс кезінде қатып, шаршауы жеткен темір «тұлпардың» от алмай, майы кетіп әлегімізді шығарушы еді. Жас шопандардың комсомолдық бригадін құрасыңдар деген үгіт-насихат толқынынан да аман-есен шықтық-ау әйтеуір. Ол бір Шыңғыстай мектебінде ғана емес, ауылдағы қазақ мектептерінің бәрінің басынан кешкен дауыл ғой. Ал жас талант Тысымбаевтың туа біткен табиғи дарынына еш математика мен физика заңдылықтары қажет емес еді. Дегенмен, сол әншіміз математикадан алғырлық көрсетпегені үшін өмірден талай опық жегенін күні бүгінге дейін кейде қалжыңмен, кейде өкпе-назбен айта береді. Уақыт өте, тірліктің күйбеңімен әншіліктің де, таланттың да ауылы оған алыстай берді...

Алдыңғы партада жымыя қарап, басын сыйпай түсіп, отыра беретін енді бір «местный» шыңғыстайлық отыр. Ол - Дәуен Тоқсанбаев. Анда-санда бір сөйлеп қалса, ішексіленді қатыратындай, тілі өткір. «Тым жуас па, қалай?», - деп қалдым алғашында. Кейін ол ойдан қайттым. Бірден көп ашыла бермейтін, біртоға жігіт еді.

Сыныптастарымның арасында өзімнің ауылдасым, мектептің танымал математигі атағын иеленген, спортшы Әлібек Құсманов та отыр. Бірде Серікбек Құдайбергенов деген математик мұғаліміміз сабақ үстінде былай деп еді: «Осы мектепте ең мықты математик - Әлібек Құсманов, одан кейін, «а» класындағы - Нұрғазайын Көшкенбаева, ал қалғандарыңдікі - жасандылық, баға үшін ғана жүргенсіңдер».

Шыңғыстай мектебінің сол жылдағы 10-сыныптар арасындағы «ең мықты» деген математигі Әлібек Құсманов пединституттың математика факультетіне «блатсыз», бір барғаннан түсіп, бітірді. Мықты математик болғанын қайтсын, орыс тілін жетік білмегендіктен, сол кездегі қаладағы тіл мен ұлттық саясаттың тауқыметін бір кісідей тартты, таяқ та жеді, сөз де естіді. «Қазақша ойлап, ойша орысшаға аударып болғанымша: «Ты что молчишь, баран в уме считать пришел что ли? Тогда иди к своим баранам», - деген сияқты сөздерді сол кездегі институт мұғалімдерінен жиі естиді екен. Алға түспесе де, артта қалмай, өз күшімен институтты бітірді.

Жылдар өте, Катонқарағай ауданы мектептерінде мұғалімдік, аудандық білім бөлімінде инспекторлық қызмет атқарды. Кеңестік үкімет тарап, ел тәуелсіздігіне қол жеткен шақта Өскеменге ауысып, алғашқы қазақ тілді мектептердің бірін басқарды. Ол мектепке қазақ көшбасшысы Ахмет Байтұрсыновтың атын алғызды. Мектепті 320 бала санымен ашып, 10 жылдан соң балалар санын 1800 жеткізді. Білім сапасы мен тәрбиелігі деңгейінен облыс орталығындағы 50-ге тарта мектептердің алдыңғы «үштігіне» енгізді. 2008 жылы осы балалар санынан жаңа бір қазақ тілді мектептің шаңырағын басқарды. Өскемен мектептерінде бұрын-соңды болмаған жұмыс – кішкентай бүлдіршіндердің қолына қазақ домбырасын ұстатты, сөйтіп республикалық «Мұрагер» бағдарламасын облысқа тұңғыш енгізді. «Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра» деп үн

салды.

«Домбыра үнін таныған бала ешқашан жамандық әрекетке бармайды» дей беруші еді мектеп директоры. «Өскемен қаласының орталық алаңына 1000 қазақтың баласына домбыра шерткізіп шығарам...» деп армандаушы еді. Ол арманы да бүгін орындалды...Тек өзі жоқ. Өзі басқарған мектебінің қабырғасында, жұмысының үстінде 59 жасында дүниеден озды...

Мектепке қайта оралсақ. Әлібектің жанында екі жыл қатарынан парталасы болған – Дәриға Құдабаева қызымыз мектептен кейін «қалалық» болып кеткен алғашқылардың бірі. Қаладағы атақты өндірістердің бірі «Полиграфия» саласына ден қойып, өндірістің майталман маманы болып қалыптасып, зейнеткерлікке сол жерден шықты.

Қалжыңбас, әзілқой қыз мектепте де тынымсыз бір жан болды. Ал қалаға алғаш келген кезі жеке әңгіме. Соның бірі былай болған оқиға. Қары қалың, саршұнақ аяз қыс айы болса керек. Кешқұрым нанын сөмкесіне салып, жалғызаяқ жолмен жұмыстан жатақханаға қарай қар кешіп келе жатқан бетінде қызып алған бір орыс жігіті сөмкесіне жармаса, итеріп қоқан-лоққы көрсетсе керек. Қарға омақаса жығылған Дөкең сөмкесін ұсына беріп, желкеден түйіп жіберген орекеңе: «Спасибо, брат.», - дейді екен. Оңбаған онысына құлақ аспай, тағы да желкеден нұқып қалса, Дөкең тағы да: «Спасибо, брат!», - дей береді екен. Ондағысы хулиган-орыс өлтіріп кетпесе екен, шамдандырмай, «брат» пен «спасибоны» төге берсем аман қалармын-ау дегені екен. Кім білсін, Дәриғаның әзілқойлығы ма, әлде шын болған жай ма, әйтеуір кластастар арасында тараған әңгіменің бірі. Осы әңгімесін түрлендіре айта түсіп, қалжыңбас құрбымыз неше ішексілемізді қатыратыны бар...

- Әй, онда Айжан қыз қайда? Бірге жүруші едіңдер ғой, – десек, жағдай былай болған көрінеді. Айжан Шыңғыстай мектебінің бетке ұстар спортсмені, қарап тұрсын ба, қалың қарлы қапасты екі-ақ аттап барып, жатақханадағы шыңғыстайлық ұлдарға хабар бермей ме...

«Айжан» дейтініміз «а» класының өкілі. Қалаға мектепті бітірісімен келіп, сол «Полиграфия» өндірісіне кіріскен Айжан Қабидолдина. Аққөңіл, дос пен жолдастарға адал, қолындағысын бөліп беруге жалықпайтын, қонақжай қызымыз. Қазірдің өзінде қала тұрғыны, әрқашан туыстары мен жерлестерінің ортасынан табылатын жан.

Шыңғыстай мектебінің 1965 жылына қайта оралсақ - өнеу отырған Сәбира Көбелекова - ұяндау, шашы тілерсегіне түскен, үлкен көзілдірігінің ар жағында мөлтілдеген жауаң көз, ұзын кірпік, үндемейтін бір қыз. Химия пәнінен керемет білгіш. Сонысына қатты қызығатынмын. Менің өзіме бұл пән мәңгіге түсініксіз құпия болып кеткендіктен, химиядан «қағатындар» ерекше, космостан келген жандар болып көрінетін. Химия пәні мұғалімі, мектеп директоры Сәккө Қашқынбаев маған бірде: «Сен, Боранбаева, осы химиядан есеп шығара алмайсың, ия?» дегені бар еді. Расымен, химиядан да, алгебра-геометриясымен қоса, есептен жүйріктігім жоқ еді. Тек, Боранбаева тұсында жорналда «5» бағалары қалай тұратынына әлі де таңмын. Сірә, білім мен бағаның арасындағы алшақтықтың белгісі шығар.

Міне, Құралай Пішенова, өзімен-өзі жүретін, тұйықтау, сыныптың ығы-жығы тірлігіне жанталаса араласа қоймайтын кішкентай ғана қыз. Интернатта көп тұрмады, ауылға туыстарының үйіне кетіп қалды.

(Басы. Жалғасы 6-бетте)



# Қайдасың, Күркіреме көктемі...

(Соңы. Басы 5-бетте)

Қазақтың төркіні - ауылдың мектеп бітірушілеріне сол кезде белгіленген бірер-ақ жолдар болғаны бүгінде ешкімге жасырын емес: ұлдарға - сельхоз бен зооветинститут, қыздарға - пединститут ұсынылатын. Оның түпкі сыры - болашақта қазақ жастарының ауылдан басқа мекені болмасын, совхоздың қираған МТМ-сы мен мал шаруашылығы тірлігінен басқаны аңсамасын дегені шығар... Ғаламат саясат. Өркениет техникалық білім беруші жоғары оқу орындарына ауыл жігіттерінің түсуі қияметтің қиыны, тіпті түскен күнде - тілдің қорлығынан тез арада сыртқа шығып қалып жүрді.

Сондықтан, менің шыңғыстайлық сыныптастарымның басым көпшілігі ұстаздық жолын қуалады, олардың арасында - Дуанбеков Жақсыкелді, Қашқынбаев Тельман, Құсманов Әлібек, - мектеп директорлары қатарында болғандар, Базарбаева Гүлсара, Жақиярова Бақтина, Көбелекова Сәбира, Пшенова Құралай, Жантекина Бақи тағы басқалары - жә деген мықты ұстаздар болып шықты.

«Б» сыныбындағы Сахариева Құралай пысық, еті тірі, мектепалды химиктерінің бірі. Әдебиеттен де көштен қалмайды. Тұрған бойы өрт, жалындаған бір жан болып елестеуші еді. Сөз саптауы ерекше. Мектептен кейін ол да ұстаздық жолына түсті, С. Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың беделді оқытушысы ретінде облысымыздың көптеген ұстаздарына танымал.

Сыныбымыздың «любимчигі» мен еркесі - Ербол Баянғазин СДИ - ға түсіп, үздік бітірді. Кейін Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінде жауапты қызмет атқарды. Самбо, штанга, жеңіл атлетика, еркін күрес деймісің, әйтеуір спорттың барлық түрлерінің шебері атағын иеленді. Полковник дәрежесінде жап-жас бола тұра - зейнеткерлікке шығып алып, қызметін жалғастыруда. «Б» сыныбының алды - Сағытай Боранбаев Қарағанды қаласындағы Ішкі

істердің Жоғарғы Мектебін бітіріп, Үлкен Нарын аудандық милиция бөлімін басқарды, полковник. «Б» сыныбында тағы бір әншіміз Зейнезәйіп Тұрарова өзіндік бір төбе болып көрінетін, ал біздің Бақтинамыз ше? Жақиярова Бақтина сол кезде бізге үлкен отбасының ұстамды басшысы болып көрінетін. Әнші және өнерпаз қыз, қолынан келмейтіні жоқ. Кес те тігу, тоқыма тоқу, ою салу, т.б. Үй шаруасының бәрінен хабардар. Кеңпейіл, ақжарқын, жайдары мінез қыз.

Бақтинамызды айтсам, мынадай бір оқиға еске түседі. Күркіремедегі сол көктемде біз мектепті төмамдап, аттестат алған кешті тойлауға әзірленіп әбігеріміз шығуда. Қазіргідей лимузин жалдап, выпускнойға әнеубір қалаға арнайы барып, салоннан «долларовый» көйлек киетін жағдайдың иісі мұрнымызға келмейді. Бірақ - бақыттымыз.... Ауылдың дүкеніне сол күні бір алқызыл гүлді шыт бұл түскен екен. Метрі 80 теңгелік. Қолымыз көкке жеткендей қуанып, жүрек шіркін шабытқа толып, түнімен көйлек тіктік. Қолмен. Кеңесшіміз - Бақтина. Бір түнде барлығымыз біркелкі шыт көйлекті тігіп, ертеңінде киіп инкубаторлық түрде шыға келдік.

Интернат демекші, интернат сыры басқаша ғой. Біз Шыңғыстай мектебінде тек білім алып қана, келіп-кетіп жүрмедік. Мектеп-интернат біздің үйіміз болды. Бүгінгі күні ойлансам, сондағы біздің тәрбиешілеріміз, ұстаздарымыз тіпті ерекше дәрежелі, нағыз педагогтар екен ғой. Біздің Зәбилә Алпысқызы, Жуанхан Тоқсанбаев, Ілияс Қасабекулы, Жомарт Нұрғазин, Сәбира Хайдарқызы, Нина Александровнамыздай оқушыларын түсініп, бағалай білетін шебер-ұстаздар тек Шыңғыстай шаңырағына ғана бұйырғандай. Біз ол кезде білмедік, ойланбадық, енді артқа қарасам, біздің қайсыбір мінездеріміз бен қылықтарымызға қаншама

шыдамдылық, ақылдылық көрсетті десеңізші сол ұстаздармыз!

Көп жылдар өтті, ал интернаттың дәмі, аспазшы Әсипа апамыздың өзіндік тәрбиесі, ол кісінің ашумен ұрысқан болып, іле-шала кешіре салатыны естен кетпейді... Қаншама молшылық болса да, жастықтан ба, кім білсін, қарнымыз тоймай, асхананы жағаттай беретініміз естен кетпейді. Асхана кезекшілігін асыға күтетінбіз, ол күн мерекелік сыйлықтай көрінуші еді. Бәрі де қызық...

Бүгінгі күні жиырма бір 10 «б» сыныптастарымның арасы сиреп бара жатқанын өкінішпен айтамын. Өмір өзенінің тоқтаусыз ағымында бақилыққа кеткендер арасында менің жақын құрбым, биязылықтың маңдайалды Бақи Жандекина. Қызылорда қаласының СДИ-да оқыған жігітке тұрмысқа шығып, бақытты отбасын құрды. 2008 жылы қайтыс болды. Сыныптасым, кейіннен - ардақты жарым Әлібек Құсманов та арамыздан кеткеніне 6 жылдан асты. Бүгінгі күні арамызда Наурызбек Байжұмин, әзілқой, ақжарқын Дәурен Тоқсанбаев, жанындағы жолдастарына жанын суырып беруге әзір тұратын Абақан Сатыпалдин, әрдайым көтеріңкі лирикалық көңіл- күйде ғана жүретін, ешкіммен шай деспейтін қымбатты замандасымыз Исатай Бақыжанов, Еңбек ауылынан келіп оқыған, ол да интернат тұрғыны Орынбай Тілеуов...

Барлық сыныптастарымыз - сағынышты жастық шақтың көрінісі, бүгінгі күні ыстық, жақын, қымбат. Қай-қайсысы жеке әңгіме иесі болғандай. Бірақ, уақыт та, мынау шығарманың мақсат-бағдары да оған ыңғайлы емес-ау деген ойдамын. Бүгінгі менің мақсатым - құтты мекен, қара шаңырақ Шыңғыстай мектебіне, Шыңғыстай топырағына, орайы келгенде, тағы да бір рет тағзым етіп, киесіне бас ию еді. Күркіреме өзенінің суын ішіп, интернат дәмін татып өстік, өндік. Өмірге

жолдама алдық. Осы күнге дейін «Шыңғыстай мектебінде оқыдым» дегенді мақтан тұтамын. Осы күнге дейін Күркіремеңің көктемдік асау мінезді, толассыз үні құлағымнан кетпейді. Мектеп жанындағы саялы бақтағы емтихан алдындағы әбігер күндеріміз түсіме енеді...

Айта тұра, өкінішті де жасыруға болмас. Құндылықтарымызды танымай кеткеніз бе? Өткенімізді қадір тұтпай, мақтан етпей, естен шығарсақ, кім болғанымыз? Шыңғыстай мектебі Катонқарағай ауданы ғана емес, еліміздегі ілеуде бір, бір емес-ау, бірегей білім ордасы еді. Тарих парағы сонау XX ғасырдың басында ашылып, қызыл кеңес дәуірінің туы көтерілмей тұрып-ақ, қазақ баласын білімге шақырған шаңырақ туралы бүгінгі ұрпақ жадында не қалды? Жаңа мектеп ғимараты салынсын-ақ, бірақ ескіні неліктен түп-орнымен құрыттық екен?

Әбдікерім-болыс салған мектеп мұражай болуға лайық еді. Сол кезде осы оймен ауданның билік орындарына қайта-қайта жүрген ауылдың біраз белсенділері де болды. Оның бірі және алды - сол ауылдың жалғыз орыс мұғалімі, сонау Литва жерінен келген Кира Михайловна Дроздовская еді... Оның тарихи жәдігер болуға лайық мектеп ғимаратын аман-есен сақтайық деген шыр-пырына жоғарыдағылар құлақ аса қоймады. Керісінше, өзін сөзге қалдырды.

Мұражай дейтініміз енді бір мәнісі - Күркіреме бойында, мектеп іргесінде, сол мектептің түлегі - Ораштың, Алтайдың ақиығы, жазушы Оралхан Бөкейдің туған үйі тұрғаны... Осының бәрі жас ұрпаққа даяр тұрған тәрбие кешені еді. Өттең...

**Гүлбану Боранбаева,**  
**Қазақстан журналистер**  
**Одағының мүшесі,**  
**Катонқарағай ауданының**  
**Құрметті азаматы.**



## ДӘРІХАНА АШЫЛДЫ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бес институционалдық реформасының 82-ші қадамында медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізіп, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, медициналық қызметтің тұрғындар үшін қолжетімді болуы айтылған. Осы орайда, жақында Үлкен Нарын ауылының орталығында ауыл тұрғындарының игілігіне арналған жаңа дәріхана ашылды.

Жаңа нысанның иесі - үлкеннарындық Дидар Арқабекулы Құрманов Өскемен қаласындағы медучилищесінің фармацевт мамандығы бойынша түлегі. Еңбек жолын ол, 1993 жылы аудан орталығындағы №9-шы (қазіргі ПТ «Нур-молдина и К») дәріханада фармацевт болып бастайды. Осы қызметте жиырмадан жылдан астам уақыт адал еңбек етті.

Бүгінде Елбасымыз жыл сайынғы Жолдауларында әрбір қазақстандықты өз ісін - шағын бизнесті ашып, ел экономикасын дамытуға өзіндік үлесін қосуға шақырады. Осы сөздерді ескерген Дидар отбасымен, ата-анасымен ақылдасып, өз ісін ашуға бел буады. Өткен жылдың қараша айында Өскемен қаласында біліктілігін арттыру мақсатында екі жұмалық курстан өтіп, халыққа дәріханалық қызмет көрсетуге лицензия алу құжаттарын «egov» электрондық үкімет қызметі арқылы ресімдеп, рұқсат қағазын алады. Өзірге ол, дәріхана орнын жалға алып отыр, алайда кәсіпкерлік жолға жаңадан аяқ басқан Дидар алдағы уақытта кәсібін кеңейтіп, дәріхана үшін арнайы ғимарат салу жоспарлары бар.

Дәріхананың тұсаукесеріне қатысқан қонақтар, ауыл тұрғындары үшін дәріхана ашып, жаңадан өз ісін бастаған кәсіпкерге жылы лебіздерін білдіріп, сәттілік тіледі.

- Дәріхана ашу ойымды қолдап, маған көмектерін берген ата-анама, туыстарыма, достарыма үлкен алғысымды айтамын, - деді өз сөзінде Дидар Арқабекулы. Қазіргі таңда мұнда мыңнан астам дәрі-дәрмектің түрлері, дәрумендер, бет күтіміне пайдаланатын жақпа майлар және басқа да бұйымдар бар. Дәріханада сатылатын препараттардың бағасы



да жұртшылық үшін аса қолайлы. Сондықтан, аудан тұрғындарының сұраныстарын қанағаттандыруға толық мүмкіндігіміз бар.

Ізгі тілектерден соң, қазақтың дәстүрі бойынша, ташу шашылып, қонақтар мол дастарханнан тамаша ауыз тиді.

Ал біз өз кезегімізде, ұзақ жылдар дәріхана саласында еңбек етіп, бұл қызмет саласының қыр-сырын толық меңгерген тәжірибелі фармацевтің ісі өрге жүзіп, аудан орталығы тұрғындарының денсаулығын қорғауда зор жетістіктерге жететініне нық сенімдіміз.

**Жанар Касымханова.**  
**Сурет автордікі.**

## РЕСПОНДЕНТТЕР НАЗАРЫНА!

Катонқарағай ауданының статистика басқармасы Сіздерді 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 432-V Заңымен Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексіне өзгерістер енгізілгенін ескертеді.

497-бап. Алғашқы статистикалық деректерді ұсыну тәртібін бұзу:

- Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес алғашқы статистикалық деректерді ұсыну – ескерту жасауға әкеліп соғады.

- Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді белгіленген мерзімде ұсынбау – жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілерге – 14, орта кәсіпкерлік субъектілерге – 20, ірі кәсіпкерлік субъектілерге – 120 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

- Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс әрекеттер – жеке тұлғаларға – 14, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 20, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 40, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 150 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеліп соғады.

Құрметті респонденттер! Статистикалық есептерді Онлайн режимінде тапсыру үшін электронды кілттеріңіздің (ЭЦП) жарамдылығын тексеріп алуларыңызды өтінеміз.

«Деректерді Онлайн режимінде жинақтау» ақпараттық жүйесі респонденттерге кеңседен шықпай-ақ, статистикалық есептілікті тапсыруына мүмкіндік береді. Бұл кәсіпорындардың қаржылық, еңбек және уақыт шығындарын айтарлықтай төмендетеді. Құрам (компонент) Онлайн қызмет көрсету арқылы есептілікті электронды түрде тапсырудың порталды шешімі ретінде жүзеге асырылған. Респонденттің тек қана Интернетке шығу мүмкіндігі және электрондық цифрлық таңбасы болуы қажет. Интернетке шығу мүмкіндігі жоқ респонденттер статистика басқармасы ғимаратында орналасқан арнайы кабинадан электронды кілттерімен статистикалық есептіліктерді тапсыра алады. Есептіліктерді тапсыру бойынша басқарма мамандарының көмегіне жүгінуіңізге болады. ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің сайты [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz), ҚР ҰЭМ Статистика Комитеті ШҚО Статистика департаментінің сайты [shygys.stat.gov.kz](http://shygys.stat.gov.kz), e-mail: [vkstat@ustk.kz](mailto:vkstat@ustk.kz)

**Ерік Мамыров,**  
**аудандық статистика**  
**басқармасының басшысы.**



## 2015 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

(Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

|     |     |                                                                                                                                                                                                                     |           |
|-----|-----|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
|     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                                              | 0,0       |
|     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                               | 0,0       |
| 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                             | 0,0       |
|     | 017 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                                        | 0,0       |
| 471 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                      | 2108542,2 |
|     | 004 | Жалпы білім беру                                                                                                                                                                                                    | 1914913,0 |
|     | 009 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу                                                                        | 22441,2   |
|     | 005 | Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру                                                                                                                                                                      | 57071,0   |
|     | 028 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру                                                                                                                                                        | 48238,0   |
|     | 020 | Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері                                                          | 14956,0   |
|     | 040 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға                                                                                                                              | 47720,0   |
|     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                               | 3203,0    |
| 466 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі                                                                                                                                    | 5435,0    |
|     | 037 | Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау                                                                                                                                                                  | 5435,0    |
| 06  |     | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру                                                                                                                                                                      | 233892,9  |
| 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                 | 0,0       |
|     | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                      | 0,0       |
| 471 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                      | 781,0     |
|     | 030 | Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу                                                                                                                                                      | 781,0     |
| 451 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі                                                                                                                          | 233111,9  |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                              | 23425,6   |
|     | 002 | Жұмыспен қамту бағдарламасы                                                                                                                                                                                         | 23884,0   |
|     | 004 | Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету | 22140,0   |
|     | 005 | Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек                                                                                                                                                                                 | 5208,0    |
|     | 006 | Тұрғын үйге көмек көрсету                                                                                                                                                                                           | 1200,0    |
|     | 007 | Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек                                                                                                             | 36302,4   |
|     | 010 | Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету                                                                                                                                           | 1537,0    |
|     | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу                                                                                                         | 1423,9    |
|     | 014 | Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету                                                                                                                                                                    | 45490,0   |
|     | 016 | 18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар                                                                                                                                                                 | 17739,0   |
|     | 017 | Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен және ымдау тілі мамандарының қызмет көрсетуін, жеке көмекшілермен қамтамасыз ету                                | 0,0       |
|     | 021 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                              | 130,0     |
|     | 023 | Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету                                                                                                                                                               | 2468,0    |
|     | 025 | Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу                                                                                                                                                             | 16055,0   |
|     | 050 | Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру                                                                                                    | 8398,0    |
|     | 052 | Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу                                                                                                                                         | 27711,0   |
|     | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                               | 0,0       |
| 07  |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық                                                                                                                                                                                    | 697916,0  |
| 458 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі                                                                                          | 58329,0   |
|     | 003 | Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру                                                                                                                                                                 | 1100,0    |
|     | 004 | Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету                                                                                                                                                       | 960,0     |
|     | 012 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі                                                                                                                                                                 | 35661,0   |
|     | 015 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                                                                                                                            | 5625,0    |
|     | 016 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету                                                                                                                                                                        | 161,0     |
|     | 018 | Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру                                                                                                                                                                       | 3617,0    |
|     | 026 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру                                                                                                                | 11205,0   |
|     | 041 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру                                                                               | 0,0       |
| 466 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі                                                                                                                                    | 578292,0  |
|     | 003 | Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау                                                                                                                              | 300,0     |
|     | 005 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту                                                                                                                                                                                     | 313792,0  |
|     | 006 | Сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту                                                                                                                                                                         | 264200,0  |
| 123 |     | Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты                                                                                                                               | 56096,0   |
|     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру                                                                                                                                                                            | 25311,0   |
|     | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету                                                                                                                                                                        | 10225,0   |
|     | 010 | Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу                                                                                                                                                           | 70,0      |
|     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру                                                                                                                                                                        | 14676,0   |
|     | 014 | Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру                                                                                                                                                                       | 5814,0    |
| 455 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                                                                         | 0,0       |
|     | 024 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу                                                                                                | 0,0       |
| 464 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі                                                                                                                                                                 | 0,0       |
|     | 026 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу                                                                                                | 0,0       |

|     |     |                                                                                                                                                                                                                          |          |
|-----|-----|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|     | 471 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                           | 5199,0   |
|     | 026 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу                                                                                                     | 5199,0   |
|     | 478 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                                                                 | 0,0      |
|     | 024 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу                                                                                                     | 0,0      |
| 08  |     | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік                                                                                                                                                                         | 197284,1 |
|     | 455 | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                                                                              | 0,0      |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                      | 0,0      |
|     | 003 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау                                                                                                                                                                                            | 0,0      |
|     | 006 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі                                                                                                                                                                          | 0,0      |
|     | 007 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту                                                                                                                                                       | 0,0      |
|     | 010 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 0,0      |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                                    | 0,0      |
| 456 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі                                                                                                                                                                | 0,0      |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                | 0,0      |
|     | 002 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                | 0,0      |
|     | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру                                                                                                                                                                         | 0,0      |
|     | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 0,0      |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                                    | 0,0      |
| 478 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі                                                                                                                                 | 186045,1 |
|     | 001 | Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                              | 20692,0  |
|     | 004 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру                                                                                                                                                                         | 6051,0   |
|     | 005 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер                                                                                                                                                                | 12810,0  |
|     | 009 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау                                                                                                                                                                                            | 110948,0 |
|     | 007 | Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі                                                                                                                                                                          | 24120,1  |
|     | 008 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту                                                                                                                                                       | 535,0    |
|     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 330,0    |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                                    | 10559,0  |
| 465 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                                  | 0,0      |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                            | 0,0      |
|     | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 0,0      |
|     | 006 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу                                                                                                                                                 | 0,0      |
|     | 007 | Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы                                                                  | 0,0      |
| 471 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі                                                                                                                                           | 7021,0   |
|     | 014 | Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу                                                                                                                                                 | 1575,0   |
|     | 015 | Өртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы                                                                  | 5446,0   |
| 480 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) туризм бөлімі                                                                                                                                                                     | 0,0      |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                                 | 0,0      |
|     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 0,0      |
|     | 004 | Туристік қызметті реттеу                                                                                                                                                                                                 | 0,0      |
|     | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары                                                                                                                                    | 0,0      |
| 454 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі                                                                                                                                          | 4218,0   |
|     | 015 | Туристік қызметті реттеу                                                                                                                                                                                                 | 4218,0   |
| 10  |     | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары                                                                                   | 95165,0  |
| 474 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі                                                                                                                                          | 0,0      |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                    | 0,0      |
|     | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары                                                                                                                                                                                   | 0,0      |
|     | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру                                                                                                                                                             | 0,0      |
|     | 008 | Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу                                                                                                        | 0,0      |
|     | 012 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу                                                                                                                                                 | 0,0      |
|     | 013 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу                                                                                                                                                                                     | 0,0      |
| 473 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі                                                                                                                                                                | 71482,0  |
|     | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                                                          | 10708,0  |
|     | 007 | Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру                                                                                                                                                             | 1300,0   |
|     | 008 | Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу                                                                                                        | 0,0      |
|     | 009 | Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу                                                                                                                                            | 8367,0   |
|     | 010 | Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу                                                                                                                                                 | 1050,0   |
|     | 011 | Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу                                                                                                                                                                                     | 50003,0  |
|     | 047 | Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу | 54,0     |
| 463 |     | Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі                                                                                                                                                            | 12043,0  |
|     | 001 | Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер                                                                                       | 11913,0  |

(Жалғасы газеттің келесі санында)



## СПОРТ

## ШАХМАТ ЖАРЫСЫ ӨТТІ



**Аудандық Шығармашылық үйінде шахмат үйірмесі оқушыларының арасында шахматтан жарыс өтті.**

Жарысты үйірме жетекшісі А. Исабеков ұйымдастырды. Жарыстың негізгі мақсаты - «Патша» деп аталатын бұл ойынның түрін оқушылар арасында дамыту. Шахматты қарым мен қабілет, амал мен айла, ақыл мен сабыр тартысқа түсетін айқас алаңы деп санасақ, жарысқа қатысқан оқушылардың арасында да дәл осындай тартыс болғанын байқадық.

Шахмат жарысына барлығы 14 оқушы қатысты. Ереже бойынша, оқушылар жас ерекшеліктеріне орай жұптастырылды. Ойын нәтижесі бойынша 1- 3 сыныптар арасында 1 - орынды Махмұт Қадылқұмар, 2-орынды Сырым Серіков, 3-орынды Әли Тойғанбаев иеленді. Ал 4 - 5 сыныптар арасында 1 - орынды Ақсұңқар Батталов, 2- орынды Шалқар Жақыпбеков, 3- орынды Әлихан Оралбеков иеленді.

Шахмат ойынына бас төреші болып - Бауырлан Мұзтауов, төреші - Болатхан Меңдібаев, хатшы - Зейін Бәкібаев сайланды. Біз шығармашылық үйінің әрбір үйірмесінің жас ұрпақтың ой-өрісі мен қабылетінің дамуына көп үлес қосатынына сенімдіміз.

**Даян Сарбасов,  
Шығармашылық үйінің  
«Қылқалам» үйірмесінің тәрбиеленушісі.**

## «ОТАУ TV» ұлттық жерсеріктік телевизиясы абоненттерінің саны 1 000 000-нан асты

2015 жылдың қорытындысы бойынша, «ОТАУ TV» ұлттық жерсеріктік телевизиясы абоненттерінің саны 1 000 000 үйшаруашылығынан асты деп хабарлайды Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық операторы «Қазтелерадио» АҚ-ның өкілдері. Бұл – 4 миллионнан астам қазақстандық цифрлық сапада отандық және шетелдік телеарналарды тамашалауда деген сөз. Оның ішінде 62 пайызы (62000 үй шаруашылықтары) Шығыс-Қазақстан облысының үлесінде.

Жерсеріктік телевизияны енгізген алғашқы жылдары «ОТАУ TV», әсіресе, ауыл тұрғындарының арасында ерекше сұранысқа ие болды, абоненттердің жалпы санындағы олардың үлесі 2011-2012 жылдары шамамен 90 пайызды құрады. Өйткені, қалаларда кәбілдік және эфирлік аналогты телехабар тарату желілері жақсы дамыған, ал ауыл тұрғындары ол кезде ары кетсе қазақстандық 4 арнаны ғана тамашалай алатын. Осыған байланысты жобаның мақсаты – қала мен ауыл тұрғындарының арасындағы ақпараттық теңсіздікті төмендету болды. Ал енді бұл мақсат орындалған соң, «ОТАУ TV» қала тұрғындарының арасында да танымалдыққа ие бола бастады. Мәселен, 2011 жылмен салыстырғанда, қалалық абоненттер үлесі 10 пайыздан 36 пайызға дейін өскен. Ұлттық жерсеріктік телевизияның өзге операторлармен салыстырғандағы басты артықшылықтары – телебағдарламалардың тегін топтамасы мен желіге республикамыздың кез келген нүктесінен қосылу мүмкіндігі.


Қазақстанда жерсеріктік телевизия 2002 жылы «Кателко+» сауда белгісімен қосылған болатын. Ал 2011 жылдың қаңтар айында Қазақстанның жерсеріктік желісі хабар таратудың DVB-S2, MPEG-4 цифрлық стандартына көшіп, «ОТАУ TV» деген сауда белгісімен іске қосылды. Желінің ашылу салтанатына Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан болатын. Жаңа стандартқа көшкен кезде абоненттер саны 6300 болса, содан бері бұл көрсеткіш қарқынды түрде өсіп, 5 жылға жетпейтін уақыт ішінде 1 млн. үйшаруашылығынан асты. Жоба халыққа алғаш рет отандық телерадиоарналарды кескін мен дыбыстың заманауи цифрлық сапасымен тамашалауға мүмкіндік берді. Айта кетерлік жәйт, желі іске қосылғалы бері тегін топтамадағы арналар саны 38 теле-, және 7 радиоарнадан 40 теле-, және 14 радиоарнаға дейін, ақылы топтамадағы телерадиоарналар саны 100-ден асты!

Осындай қысқа мерзім ішінде «Қазтелерадио» АҚ бұдан басқа да бірқатар міндеттерді атқарып тастады. 2012 жылдың шілдесінде де Мемлекет басшысының қатысуымен Цифрлық эфирлік телевизияны енгізу жөніндегі жоба іске қосылды. Бүгінгі таңда республика халқының 72 пайызы цифрлық эфирлік телевизияға қолжетімділікке ие, ал бұл – 12 миллион қазақстандық. Айта кетерлік жәйт, Алматы, Жамбыл, Маңғыстау және Оңтүстік Қазақстан облыстарында цифрлық эфирлік телевизиямен қамту халықтың 95 пайызына жетті. Соған байланысты 2016 жылдың I тоқсанында аталған аймақтарда ескірген аналогты телехабар тарату желісін өшіру жоспарланған.

2014 жылдың шілде айында Индустрияландыру күні аясында Елбасының қатысуымен «Қазтелерадио» АҚ «GALAM TV» ұлттық интернет-хабар тарату» және «Телегазет» атты екі инновациялық жобаның тұсауын кесті.

Ұлттық жерсеріктік телевизия клиенттеріне ыңғайлы болу үшін, сондай-ақ бәсекелестік орта құру мақсатында қабылдау жабдықтары жиынтықтарын жеткізу, құрастыру және қызмет көрсетуді шағын және орта бизнес субъектілерінен тұратын дилерлік ұйымдар қамтамасыз етуде, олардың саны қазір 350-ден асты. Халықпен және дилерлермен тиімді жұмыс істеу мақсатында Ақпараттық қолдау көрсету қызметі (Call-centre) 193 телефоны арқылы үзіліссіз, мереке және демалыс күндерінен тыс жұмыс істейді. Сонымен қатар, барлық облыс орталықтары мен Астана, Алматы қалаларында Дилерлермен және халықпен жұмыс орталықтарының жұмысы жолға қойылған.

«Қазтелерадио» АҚ өз абоненттерін түрлі акция, ұтыс ойындарымен үнемі қуанытып тұрады. Нәтижесінде тұрғындар «ОТАУ TV»-ден түрлі бағалы жүлделер мен сыйлықтарға ие болып жатады. Мәселен, 2015 жылдың 1 қазанынан жаңа акция басталды: «Толық» ақылы арналар топтамасына 6 айдан 12 айға дейінгі мерзімге қосылған барлық абоненттер бағалы жүлделер ұтыс ойынына қатысады! Бас жүлде – автокөлік! Акция шарты бойынша, 2015 жылдың 1 қазаны мен 2016 жылдың 30 маусымы аралығында барлығы жүлделердің 3 жиынтығы ұтысқа түседі. Әрбір үш ай сайын қорытынды шығарылып, жеңімпаздар анықталады. Автокөліктен өзге, Гоа аралына жолдама, Smart TV, iPhone 6 секілді және тағы басқа бағалы сыйлықтар бәйгеге тігілген.



## СОТ ЗАЛЫНАН

Катонқарағай ауданының № 2 аудандық соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 366- бабы 1-бөлігінде көзделген қылмысты жасаған жол полиция инспекторы Д.Атакановқа қатысты қылмыстық істі

қарады.

Сот тергеуі кезінде анықталғаны Д. Атақанов лауазымды адам бола тұра, аз.Ж. Қазақстан Республикасы ӘҚБК 608-бабы 1-бөлігімен әкімшілік жауапқа тартпау мақсатында одан 60000 теңге пара алған.

Сотталушы Д.Атақанов тағылған айып бойынша өзінің кінәсін толық мойындады.

Катонқарағай ауданының №2 аудандық сотының үкімімен Д. Атақанов Қылмыстық Кодекстің 366-бабы 1-бөлігінде (пара алу) көзделген қылмысты жасағаны үшін кінәлі деп танылды. Оған мүлкі тәркіленіп, мемлекеттік қызметтегі лауазымдарды атқару құқығынан өмір бойына айыра отырып, параның елу еселенген сомасы мөлшерінде, яғни, үш миллион теңге айыппұл салу жазасы тағайындалды.

**Катонқарағай ауданының  
№2 аудандық сотының  
баспасөз қызметі.**

## Ризашылық

*Топқайың ауылының тұрғыны, отбасының тірегі, қамқоршысы, асқар тауда әке болған Қарсақов Есбол Маратұлы 1 қаңтар күні дүниеден өтті. Басымызға түскен қайғымызды бөлісіп, марқұмды жерлеуге қолдан келген көмектерін жасаған жерлестерімізге, достарымызға, туыс-жұрағаттарымызға, Есболдың сыныптас достарына зор ризашылығымызды білдіре отырып, отбасыларына амандық, дендеріне саулық тілейміз.*

**Қарсақовтар әулеті.**

## Хабарландырулар

Аршаты орта мектебі жанындағы шағын орталыққа 1 бірлік тәрбиеші қажет.  
**Тел. 8(723) 42-28-2-18.**

Орталықта жеке үй сатылады. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған, санитарлық тораптары, канализациясы, монша-сы, көлік-жайы бар.  
**Мекен-жайы: Зырян қаласы. Тел. 6-08-81. 87779945894.**

Құрылыс материалдарын (брусx12х12, еденге, төбеге қажетті тақтайлар, стропилалар, бөренелер, обрешетниктер 4,5х4,5) сатамын. Сондай-ақ, аудан аумағында кез-келген тоннада көмір тасымалдаймын.  
**Тел. 87773498717; 2-18-32, Үлкен Нарын а., кез келген уақытта.**

1991-1992 оқу жылдарында Рыков атындағы орта мектебінің негізгі орта мектеп курсын бітіргендігі туралы **Мукашева Шынар Васильевнаның** атына берілген сериясы А №168860 куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

## ТҮЗЕТУ

«Арай» газетінің 2016 жыл 15 қаңтардағы санында жарияланған **«Марал шаруашылығының өткені мен бүгіні»** мақаласының **«Қазіргі уақытта»** тақырыпшасының 1-ші абзацының 11-12 жолындағы **«...9 мың тоннаға таяу панты шикізаты...»** деген сөйлемді оқырмандардан **«...9 тоннаға таяу панты шикізаты...»** деп оқуларын өтінеміз.

## АСҚА ШАҚЫРУ

Қаңтар айының 24 жұлдызында сағ. 12.00-де Катонқарағай ауылындағы қатымханада асыл анамыз, ардақты әжеміз Жанұзақова Гүлжазира Сапақызының дүниеден озғанына 40 күн толуына орай құран бағышталып, ас беріледі. Соған барлық туған-туысқандарымызды, құда-жегжаттарымызды, достарымызды, ауыл-дастарымызды шақырамыз.

**Асқа шақырушылар: Жанұзақовтар әулеті.**

Майемер орта мектебінің ұжымы Қабдрахмановтар отбасына және мектеп күзетшісі Лұқпанов Әділетке қарындасы **Динаның** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

|                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Меншік иесі<br/>«Шығыс Ақпарат»<br/>ЖШС-і. Директоры<br/>Н.Қ. Қуантаев</b></p>                                                           | <p><b>Компьютерлік беттеу операторы:<br/>Жайдары Нұрғазина</b><br/>Газет нөмірі бойынша кезекші:<br/><b>Жанар Қасымханова</b></p>                                                                                                                                                                                                      | <p>Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, 04. 05. 2015 жылы № 15348-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Бажов көшесі, 12. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.</p> |
| <p><b>Катонқарағай ауданы бойынша<br/>«Шығыс Ақпарат»<br/>ЖШС-нің бөлімі<br/>«Арай» - «Луч» газеті<br/>Бас редактор<br/>Жомарт Жақыпов</b></p> | <p><b>Телефондар:</b><br/><b>Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60,</b><br/>Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79.<br/>Бухгалтер - 2-19-96.<br/>Компьютер цехы (факс) - 2-14-60.<br/>Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71.<br/><b>Мекен-жайы:</b> 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй.<br/><b>e-mail: arai-luch@mail. ru</b></p> | <p>Газет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 2 баспа табақ. <b>Индекс: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352.</b> Нөмірдің таралымы - 2867 дана: «Арай»-1653, «Луч»-1214. № 7792</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |